

Астана қаласында Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық кеңесінің мәжілісін өткізуге байланысты ұйымдастыру іс-шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 қазан N 1492

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

2000 жылғы 10 қазанда Астана қаласында Кеден одағына қатысушы мемлекеттер Мемлекетаралық кеңесінің (бұдан әрі Кеңес) мәжілісін өткізуге байланысты ұйымдастыру іс-шараларын, сондай-ақ Кеңес мәжілісінің шеңберіндегі кездесулер үшін көзделген толық көлемде іс-шараларға құжаттамалық және ақпараттық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланымен (келісім бойынша) бірлесіп, Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ресми делегацияларын Астана қаласының әуежайында қарсы алуды және шығарып салуды ұйымдастырсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша):

ресми делегациялардың мүшелерін, сарапшыларды, бірге жүретін адамдар мен алдыңғы топтарды орналастыру және қызмет көрсету;

ресми делегациялар орналасқан орындарда Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлері үшін қонақ үй нөмірлерін бөлу;

ресми делегация мүшелерін және бірге жүретін адамдарды автокөліктермен қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ресми қабылдау өткізу;

Астана қаласының әуежайындағы (қарсы алу және шығарып салу кезінде) VIP залында шай үстелін ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми делегацияларға бекітілген қызметкерлері үшін байланыс құралдарын бөлу жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қосымшаға сәйкес Кеңеске мүше мемлекеттердің делегацияларына қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында оларға министрліктер бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Кеңес мәжілісіне қатысушы мемлекеттер басшыларының арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен кедергісіз ұшуын қамтамасыз етсін;

арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, тұрақ беруді және жанармай құюды ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Кеңес мәжілісіне қатысушы ресми делегациялардың қауіпсіздігін, әуежайда, олардың жол жүру бағыттары бойынша және болатын орындарында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі ресми делегацияларды қарсы алу және шығарып салу (делегация басшыларына гүл беру), жол жүру бағыттарын, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Кеңес мәжілісі шеңберіндегі іс-шаралардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Кеңес мәжілісі шеңберіндегі іс-шараларды өткізуге 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен қаражат б ө л с і н .

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0 ж ы л ғ ы 3 қ а з а н д а ғ ы

№ 1 4 9 2 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің делегацияларына бекітілген

Қазақстан Республикасы министрліктерінің

Т і з і м і

Беларусь Республикасы

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрлігі
(З.Қ. Кәкімжанов)

Қырғыз Республикасы

Қазақстан Республикасының
Экономика министрлігі
(Ж.А. Күлекеев)

Ресей Федерациясы

Қазақстан Республикасының
Энергетика, индустрия және
сауда министрлігі

(В . С . Ш к о л ь н и к)

Тәжікстан Республикасы

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
(М . Т . Е с е н б а е в)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК